



Әлиханның шыққан тегі сонау Шыңғыс ханнан басталады. Шыңғыс ханнан Жошы хан – Тоқайтемір – Өзтемір – Қожарыс хан – Бәдігүл оғлы – Орысхан – Құйыршақ хан – Барақ хан – Өз Жәнібек ханнан үш ірі тұлға: Өбілқайыр хан, Абылай хан, Кенесары, Бөкей хан тарайды. Өз Жәнібектен – Жәдік – Шығайхан – Оңдан сұлтан – Қайнар көшек – Бөкейхан – Құдайменді – Тұрсын хан – Көкжал Барақ сұлтан – Бөкейхан – Батыр – Мырзатай – Нұрмұхамед – Әлихан – Шыңғыстың 23 ұрпағы. Шыңғыстың ұрпақтары туралы Президентіміз:

«Қазақ мемлекетінің ірге тасын тап осы төре тұқымының өкілдері қалады. Қазақ қоғамындағы жоғарғы мәртебе иесі сұлтандар, яғни, Шыңғыс ханның өркек кіндікті ұрпақтары – Шыңғысзадалар болды. Олар қазақ қоғамындағы ең ірі ықпалды күшке айналды» деді. («Тарих толқынында», Алматы, «Атамұра» 1999 жыл, 209 бет).

Қаз дауысты Қазыбек бидің ұйғаруымен шекшек Нұралы би Самархандағы Барақ сұлтанның ұлы Бөкейді орта жүзге «Төре қылам, хан сайлаймыз» деп шамасы, 1758 жылдары 14 жасар баланы сұрап әкеледі. «Хан кеңесі» қазіргі Бақты ауылында, орталығынан Егіндібұлаққа қарай 20 шақырым жерде 14 жасар баланы ақ түйе сойып, ақ киізге отырғызып, 16 рудың басшылары жиналып хан көтерген. Алайда, ел арасында негізгі билікті Қазыбек би жүргізген. Тек қазақ жерінен шет елдерге барған елшілердің құрамында Бөкейханның да кісілері болған деседі. Сыртқы істерде Бөкей ханның атынан жүргізуге мәжбүр болған. Қазыбек би дүниеден өткеннен кейін Бөкей хан билікті өз қолына алған. 1786 жылдары Бөкейдің тапсыруы бойынша баласы Батыр, қасында старшина және төленгіттер бар, Санкт-Петербургқа барады. Алайда, көпке дейін патша үкіметі Бөкейді мойындамай, тек Тобыл губернаторының көмегі арқасында 1815 жылы Александр атынан арнайы хандыққа бекігені туралы грамота келеді. Бөкей 71 жылдай төре-хан болған. Содан бері 160 жылдай ел басқарған сұлтандардың тарихы Орталық Қазақстан, жалпы Қазақстан тарихымен Бөкейхан және оның ұрпақтарымен тікелей байланысты. Соған орай, қысқаша Бөкей ұрпақтарының біздерге байланысты генеологиясын беруді жөн көрдік.

Барлық ғұмырын Қазақстанның Тәуелсіздігі үшін күресте өткізген Алаш көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы БӨКЕЙХАНОВТЫҢ туғанына 150 жыл толуын ЮНЕСКО шешімі бойынша дүниежүзі халықтары тойлап жатыр. Бұл той Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл толуына сәйкес келіп отыр.

«Семипалатинская областная ведомость», «Семипалатинский листок», иркуттік «Сибирская жизнь», ташкенттік «Туркестанские ведомости» сияқты газеттермен байланыса болса, Петербургте шығатын «Слово», «Восточное обозрение», «Речь» газеттерінің корреспонденті болды. Осы газеттер арқылы өзінің ой-пікірлерін жазып, елдің жағдайы туралы көптеген мәселелерді екі тілде бір-

хан Ермеков, Мұхаметжан Сералиндердің арқасында бірталай жерлер қайтарылды.

Өлекеңді ақырғы рет 1937 жылы 27 шілдеге қараған түні Ежовтың өзі бастаған аға лейтенант Ряденов ГПУ-дың бірнеше адамымен келіп тұтқындайды. Бір ойға сыймайтын оқиға – Ежов гимназияда Лизамен бірге оқыған және бұл үйге жиі келіп тұрған. Кеңес үкіметі кешірім жасағаннан кейін де Әлихан Бөкейханов Қазақстанда, Мәскеуде өкіметке қарсы «контрреволюциялық, террористік жұмыстар жүргізді» деген айып тағып, екі ай бойы азаптанғаннан кейін, Кеңес үкіметінің жауы ретінде, «үштіктің» үкімімен айыпталып, 1937 жылы қыркүйектің 27 күні атылар алдында «совет үкіметін жек көрдім, бірақ мойындадым» деп ақырғы сөзін айтқан.

Өлекеңнің екі баласы болған. Қызы Елизавета (елдегі аты «Зейнеп») 1903 жылы туған. Медицина ғылымдарының докторы, профессор. Ұлы Отан соғысының ардагері, майор, уақытында денсаулық сақтау министрлігінде дәрігерлердің білімін жетілдіру институтының деканы, бөлім бастығы, партком хатшысы қызметтерін атқарған. 1971 жылы 22 маусымда дүниеден озады. Новодевичье (Москваның орталығындағы) зиратында жерленген.

1923 жылы Лиза Смағұлға тұрмысқа шығады. Смағұл Сәдуақасұлына 1920 жылы Қазақстанда жастар ұйымын ұйымдастыру жүктеледі. Москвада өткен Жалпы Ресейлік Шығыс ұлттарының жиналысында Шығыс жастар одағының бюро мүшесі болып сайланады. 1920 жылы қазанда қазақстандық Жалпы Советтердің бірінші съезінде жас коммунистер атынан сөйлеп, қараша айында үкіметтің құрамына кіреді. 1925 жылы Советтердің V съезінде халық ағарту комиссары болып сайланады. Жұмыс істеген жерлерінің бәрінде халқының мүддесін белсенділікпен қорғап отырған. Голощекин тобының халыққа қарсы істерін ашық, батыл әшкерелегені үшін 1928 жылы жұмыстан босатылады. Мәскеуге келіп жанұясымен қосылады, темір жол институтына түсіп, оны 1932 жылы бітіреді. Түркісіб темір жол құрылысына жұмысқа шақырылғанда: «Он был уже начальником. Пусть теперь поработает простым инженером» деп, Сталин жібермейді. 1933 жылы Кремль ауруханасында мезгілсіз дүниеден озады. Сүйегі 2010 жылы елімізге әкеліп жерленді. Ұлы Ескендір 17 жасқа толмай соғыстың алғашқы күні соғысқа қашып кетіп, Мәскеу түбінде опат болған.

Әлиханнның ұлы Үкітай (Сергей) 1905 жылғы, ірі геолог ғалым үлкен Жезқазғанды ашуға Қаныш Сәтбаевпен бірге қатысқан. 1934 жылы Ғылым Академиясының сессиясында (Мәскеу) Жезқазған түсті металдар кен орнын игерудің маңыздылығы туралы баяндама жасаған. Қазақ политехникалық институтында істейтін академик профессор Н.Шлыгин 40-50 жылдары экспедициямен Жезқазғанға барғанда Сергей Бөкейхановпен кездескені туралы Әлиханнның туысы Сырым Бөкейхановқа ірі жоғарғы дәрежелі геолог маман екенін, түсті металдар жөнінде ірі маманмен бірге істегенін өзіне дәреже ретінде мақтан етіп айтқан. 1954 жылы Бүкілодақтық үкімет жиналысында түсті металдар жөнінде Сібір мен Қазақстанда

Үлттың Алаш перзентінің генеалогиясы



